

"ҚазТрансГаз" ЖАҚ-ның, мемлекеттік емес сыртқы заем тартуының жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 11 тамыз N 1236. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.09.29. N 1475 қаулысымен. ~P001475

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "RJK International Trading LTD" компаниясы жасасқан 2000 жылғы 20 сәуірдегі келісім-шартты іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 маусымдағы N 953 P000953_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоғам сатып алатын Қазақстан Республикасының газ-көлік және электр энергетикасы салаларындағы "Трактабель С.А." компаниясының активтеріне төлеу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен "RJK International Trading LTD" компаниясынан 106 000 000 (жүз алты миллион) АҚШ доллары жалпы сомасына мемлекеттік емес заем тарту туралы Қоғамның ұсынысы".

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер лимитінің шегінде "RJK International Trading LTD" компаниясына 106 000 000 (жүз алты миллион) АҚШ доллары сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін б е р с і н ;

көрсетілген мемлекеттік кепілдікті берумен байланысты пайда болатын,

оның Қазақстан Республикасының алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз етуі туралы Қоғаммен тиісті келісім жасассын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі аталған жобаны Қазақстан Республикасы мемлекеттік инвестицияларының 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасына кіргізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК